



БЕКІТЕМІН

Қазтұтынуодағы Қарағанды
университетінің ғылыми жұмыс
және инновациялар жөніндегі

проректоры, э.ғ.д., профессор
М.Р. Сихимбаев

2026ж.



2025-2026 оқу жылында

**Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінде
Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары
«Қаржы» ББ студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл
сайынғы конкурсын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі
ЕРЕЖЕ**

1. «Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық жыл сайынғы байқауы (бұдан әрі – СҒЗЖ байқауы) 2026 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің басшылығымен өткізіледі.

2. СҒЗЖ байқауының негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;

2) ең дарынды және қабілетті студенттерді іріктеу және қолдау;

3) Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға жәрдемдесу.

3. Республикалық СҒЗЖ байқауы 2 кезеңде өткізіледі:

бірінші кезең – ЖОО ішілік;

екінші кезең – базалық ЖОО-ларда.

4. I кезеңнің (ЖОО ішілік) өткізілу мерзімі ЖОО ректорының бұйрығымен белгіленеді, II кезең – ақпаннан сәуірге дейін Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрығы мен хатына сәйкес өткізіледі.

5. СҒЗЖ байқауына Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері мен студенттік ұжымдары қатыса алады.

6. СҒЗЖ байқауына «Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің өз бетінше орындалған, аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары ұсынылады.

7. СҒЗЖ байқауының I кезеңіне «Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарының студенттері ғылыми қоғамдар немесе ғылыми жетекшінің ұсынуы бойынша қатыса алады.

8. СҒЗЖ байқауының I кезеңі (ЖОО ішілік) қорытындысы бойынша ректор бұйрығымен бекітілген байқау комиссиясы байқау негізінде ЖОО студенттерінің үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарын іріктеп, II кезеңге қатысу үшін базалық жоғары оқу орындарына жібереді.

9. Студенттердің ғылыми жұмыстарын СҒЗЖ байқауының II кезеңіне ұсыну кезінде жоғары оқу орны Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне келесі құжаттарды жолдайды:

- 1) ғылыми жұмыс;
- 2) ғылыми жұмыстың аннотациясы;
- 3) орындалған жұмыстың дербестік дәрежесі туралы ғылыми жетекшінің пікірі (еркін түрде);
- 4) автор(лар) мен ғылыми жетекші туралы мәліметтер;
- 5) байқаудың бірінші кезеңінің қорытындылары туралы ректордың (проректордың) қолы қойылған хат немесе жұмысты байқауға ұсыну туралы Ғылыми кеңестің хаттамамен рәсімделген шешімі.

10. СҒЗЖ байқауына студенттердің бірінші данамен басылған, бір жарым аралықпен терілген ғылыми жұмыстары ұсынылады. Жұмыстың көлемі 20–40 беттен аспауы тиіс. Макеттер мен нақты экспонаттарды ұсынуға рұқсат етілмейді. Жұмысқа тіркелген сызбалар мен иллюстрациялар стандартты өлшемдегі парақтарға орналастырылуы тиіс.

Ғылыми жұмысқа оның нәтижелерін өндіріске немесе оқу процесіне енгізу туралы актілердің (көшірмелері), патенттердің көшірмелері, ғылыми мақалалар қоса берілуі мүмкін. Дипломдық, курстық жұмыстар мен жобаларда ғылыми жаңалық немесе нәтижелерін өндіріске не оқу процесіне енгізу көзделсе, олар да байқауға ұсынылуы мүмкін.

11. Жеке мөрленген конвертте жұмыс авторы (авторлары) мен ғылыми жетекші (жетекшілер) туралы мәліметтер, сондай-ақ ашық байқаудың бірінші турының қорытындылары туралы ректордың (проректордың) қолы қойылған хат немесе жұмысты СҒЗЖ байқауына ұсыну туралы ЖОО Ғылыми кеңесінің шешімі ұсынылады. Егер жұмыс авторлық ұжыммен орындалған болса, авторлардың тізімі олардың жеке үлесіне сәйкес беріледі.

12. Осы Ережені бұза отырып ұсынылған жұмыстарды Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің байқау комиссиясы байқауға қатысудан бас тартуға құқылы (міндетті түрде бас тарту себептері көрсетіледі).

13. Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің байқау комиссиясы шешімді комиссия құрамының кемінде 2/3-і қатысқан жағдайда ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Дауыс саны тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

14. Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті комиссия мүшелерінің барлығы қол қойған хаттаманы Министрлікке жолдайды.

15. Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің байқау комиссиясы жүлдегерлерді келесі тәртіппен марапаттауға ұсынады:

1-орын үшін – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің I дәрежелі дипломы (бір жұмыстан аспайды);

2-орын үшін – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің II дәрежелі дипломы (екі жұмыстан аспайды);

3-орын үшін – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің III дәрежелі дипломы (үш жұмыстан аспайды).

16. Студенттердің үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық

байқауының 1, 2, 3 орын жүлдегерлері Министрліктің І, ІІ, ІІІ дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

17. Келесі республикалық СҒЗЖ байқауы 1-орынды иеленген студенттің оқу орнында өткізіледі. Егер бұл 1-орын осы жылы байқау өткізген базалық ЖОО студентіне берілсе, келесі байқау 1-орыннан кейінгі орынды иеленген студенттің ЖОО базасында өткізіледі. Егер екі студент жүлдегер атанса, келесі СҒЗЖ байқауын өткізу құқығы артықшылықты балл жинаған студенттің ЖОО-на беріледі.

18. Байланыс ақпараты: Қарағанды қ., Академическая к-сі, 9 үй, 425 кабинет, «Қаржы» кафедрасы, кафедра меңгерушісі Талимова Лязат Азимовна (+7-701-288-78-59).


Қаржы кафедрасының меңгерушісі



Л.А. Талимова

КЕЛІСІЛДІ:

Тұрақты даму және
креативтік индустриялар
ғылыми-зерттеу орталығының
директоры



Ж.М. Жартай